

Аралбаева А.А.
**Қазақстан Республикасының
банктік заңнамасын дамыту-
дың кейбір мәселелері**

Мақалада банктік заңнаманың кейбір мәселелері қарастырылады. Өзектілігі: еліміздің экономикасының маңызды секторларына шетелдік капиталды тартуда, еліміздің қаржы жүйесін дамытуға және халықаралық қаржы-несие қатынастарын дамытуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және қаржы несие жүйесінің қатысушыларының құқықтық мәртебесі қарастырылады. Қазақстан Республикасының банктік құқықтық қатынастарына және банктік заңнамасына халықаралық банктік және экономикалық процестердің әсер етуі айқын көрінетіндігі баяндалған. Банктік қызметке қатысты банктік және басқа да заңнаманы жетілдіру процесінде ескеруді қажет ететін факторлары бүгінгі таңдағы Қазақстанның банктік заңнамасымен салыстырмалы түрде сипатталған.

Түйін сөздер: Қазақстан Ұлттық Банкі, АҚШ-тың Федералдық Резерв Жүйесі, банктік заңнама, банктік құқықтық қатынастар.

Aralbaeva A.A.
**Issues of development of the
banking legislation in the
Republic of Kazakhstan**

This article about the banking legislations of the Republic of Kazakhstan. Relevance – In the Republic of Kazakhstan the National Bank of Kazakhstan and another participants of financial-credit relations take important role in attraction foreign capital in order to develop the main sectors of economy, assist in development of country's financial market, also assist in development and strengthens of international financial-credit relations. The article pointed out that the international banking and international economic processes have a great impact on the banking relationship and the banking legislation of the Republic of Kazakhstan. The factors affecting the development of banking relationships and banking legislation of Kazakhstan.

Key words: National Bank of Kazakhstan, The US Federal Reserve, banking legislation, banking relationship.

Аралбаева А.А.
**Некоторые вопросы развития
банковского законодательства
Республики Казахстан**

В статье рассматриваются некоторые вопросы развития банковского законодательства. Актуальность: в Республике Казахстан Национальный Банк Казахстана, а также другие участники финансово-кредитных отношений играют важную роль в привлечении иностранного капитала для развития приоритетных секторов экономики, содействуют развитию финансового рынка страны, также содействуют развитию и укреплению международных финансово-кредитных отношений. В статье указано, что международные банковские и международные экономические процессы оказывают большое влияние на банковские правоотношения и банковское законодательство Республики Казахстан. Рассмотрены факторы, влияющие на развитие банковских правоотношений и банковского законодательства Казахстана.

Ключевые слова: Национальный Банк Республики Казахстан, Федеральная Резервная Система США, банковское законодательство, банковские правоотношения.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАНКТІК
ЗАҢНАМАСЫН
ДАМУДЫҢ
КЕЙБІР МӘСЕЛелЕРІ**

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының банк жүйесінің жоғарғы және төменгі деңгейлерін білдіретін банктердің банктік қызмет аясы заңдық, шарттық, сондай-ақ лицензиялық негізде қалыптасатын ақшалай-несиелік және қаржылық қатынастар жүйесі арқылы көрініс табады.

Банктік қызмет банк жүйесін құру және оның элементтерінің өзара іс-әрекеттерін белгілі бір буындардың мәртебесі мен функцияларын айқындау жолымен дәнекерлеу жөніндегі іс-қимылдар болып табылады. Банктік операциялар тұрақты жүзеге асырылады, операция тараптары (бұл жерде банктің контрагенті деп түсіну қажет) заңи теңсіздік жағдайында болады, айтарлықтай дәрежедегі сенімділік негізінде жүргізіледі; ұлттық банктік заңдар мен банктердің (бұл жерде Қазақстан Ұлттық Банкінің) заңға тәуелді нормативтік құқықтар актілері деңгейінде құқықтық реттеледі. Сонымен нарықтық қатынастардың және кәсіпкерліктің қазіргі заманғы дамуына орай ел экономикасындағы басты орынды банктік қызмет аясы алып отыр. Осы банктік қызмет аясының жоғары деңгей-дәрежеде дамып, халықаралық банктік стандарт ережелеріне және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сай болуы аталмыш қызмет саласын реттеуге арналған тиісті заңнамалар мен нормативтік құқықтық актілердің тиімді іске асырылуымен тығыз байланысты болады.

Банктік қызметке қатысты банктік және басқа да заңнаманы жетілдіру процесінде мынадай:

- 1) банктік қызметті тек банктік құқықтың ғана емес, сонымен қатар ел экономикасының да маңызды құрылымдық элементі деп тану;
- 2) шетелдік капиталдың қатысуымен құралған банктердің жұмыс істеуіне орай және шетелдік инвестициялардың ел экономикасының әр түрлі салаларына тартылуына байланысты қоғам мен мемлекет, сондай-ақ нарықтық даму талаптарына сай заңнамалар жүйесін құру;
- 3) халықаралық қаржылық-банктік стандарттарға, атап айтқанда еуропалық стандарттарға бейімделген банк жүйесін қалыптастыру;
- 4) қазіргі кезде көптеген шет мемлекеттерде белең алған банк жүйесі арқылы лаңкестікті қаржыландыру, банктік қыз-

мет аясындағы компьютерлік және карточкалық қылмыстың өсуі тәрізді және т.б. қатерлі әрі келенсіз процестердің алдын алу, тыйып тастау және болдырмау;

5) екінші деңгейдегі банктердің корпоративтік басқару органдарына және басқаруды жүзеге асыратын лауазымды басшыларына қатысты тиісті заңнамалық актілерде қойылатын талаптарды күшейту сияқты факторларды міндетті түрде есепке алу-ескеру қажет.

Осы жоғарыда аталған факторларға орай банктік қызметті реттеуге арналған заңнамалық актілерді қабылдау және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында экономика секторларында туындаған өзгерістерді, макроэкономикалық және т.б. өсу көрсеткіштерін, ұлттық (отандық) капиталдың қатысуымен құрылған банктер санының төмендеп кетпеуін, банктің тиімді жұмыс істеуінің кілті осы банкті корпоративтік басқарудың дұрыс ұйымдастырылуына тікелей байланысты екенін мұқият ескеру қажет деп санаймыз.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап Республиканың Ұлттық Банкі елдің қаржылық рыногын реттеуде басты позицияны ұстанды. Көп жылдар бойы елдің орталық банкінде реттеуші және қадағалау функцияларының шоғырлануы 2003 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен бөлу арқылы, қадағалаудың мемлекеттік дербес органын құруға жасалған қадам болып саналады.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап, өз қызметін бастауы еліміздің қаржы секторының дамуының жаңаша бағыты болды. Ұлттық Банкіне тиесілі бірқатар маңызды функциялар агенттікке берілді. Алайда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің функциялары мен өкілеттіктерін әлі де болса нақтыландыра түсу қажеттігі тәжірибе жүзінде туындаған болатын. Себебі, елдің банк жүйесінің тұрақты және тиімді сипатқа ие болуы, ең алдымен осы саланы реттеуге арналған заңнамалар жүйесіне, сондай-ақ осындай заңнаманың іске асырылуы банктік қадағалау органдарының қызметіне тығыз әрі тікелей байланысты болатын.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі №25 Жарлығымен Агенттіктің функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қайтадан берілді, ал 2011 жылғы 18 сәуірдегі №61 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі-

нің құрылымының ішінен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті құрылды.

Дегенмен, тұрақты және тиімді сипаттағы банк жүйесін құруда осы аталған факторларды да жеткіліксіз деп санаймыз. Әрине, банктік жүйені жұмыс істеуін реттеуге арналған заңдарды қабылдау және оларға өзгерістер енгізу барысында көптеген экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, құқықтық және т.б. халықаралық құқықтық факторларды басшылыққа алған дұрыс болады.

Бұл жағдайда отандық және шетелдік мемлекеттердің банктік заңнамасын салыстырудың өзіндік мәні зор деп санаймыз, себебі, бар-жоғы бес-алты жыл көлемінде Қазақстан Республикасының банктік жүйесінде жаңадан мемлекеттік орган құрылып және оны жойып та үлгердік. Қазақстан Республикасының банктік саласындағы қаржылық институттардың тиімділігін жоғарғы деңгейге жеткізу мақсатында, банктік қызметті реттеуге арналған заңдарды жетілдіру үшін экономикалық реформаларға және банктік қызметке ықпалын тигізетін заңдарды қабылдау немесе өзгерістер енгізу кезінде нарықтық экономикасы дамыған елдерде жинақталған ақшалай-несиелік қатынастар мен банк ісінің даму тәжірибелерін қолдану қажет деп санаймыз.

Нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттер мен Қазақстанның экономикалық жағдайларының салыстыруға келмейтін айырмашылықтарына (алшақтықтарына) байланысты шетелдік банктік технологиялар мен ақша-несие саясатының әдістерін көз жұма отырып, қаз-қалпында пайдалану мүмкін емес. Жаңа банктік механизмді құру өркениетті дамыған елдерде қалыптасқан нарықтық қаржылық құрылымдардың көп жылдық тәжірибелеріне сүйеніп, елдің банк жүйесін әлеуметтік мемлекет және нарықтық өркендеу мүддесіне сай дамытуды қажет етеді.

Көпшіліктің сеніміне ие болған, үкіметке қызметтер көрсетуінің нәтижесінде эмиссиялық айрықша құқық берілген аса ірі банктер ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында көптеген елдің банк секторынан орын алған болатын.

Алғашқы орталық банк 1668 жылы құрылған Швецияның Орталық Банкі – Рикс банк болып табылды. 1694 жылы құрылған Англия банкі үкіметтің қаржылық органы болғанымен жекеше компания ретінде жұмыс істеген. 1844 ж. Пиль заңына сәйкес оған монополиялық эмиссиялық құқық, кейінірек ерекше мәртебе берілген. 1946 жылы Англия Банкі мемлекет қарамағына өткен.

Францияның Орталық банкі Франция Банкі акционерлік қоғамы ретінде 1800 құрылды. 1848 жылы Франция Банкі Францияның барлық аумағында ақша белгілерін шығаруға мүмкіндік беретін эмиссиялық құқыққа ие болды. 1945 жылы Франция банкі де мемлекеттік банкке айналды. Германияның Орталық банкі – Рейхсбанк 1876 жылы ел аумағындағы ақша айналысын реттеу мақсатында құрылған болатын. 1957 жылы Батыс Германияда неміс Федералдық Банкі, ал Германия Демократиялық Республикасында Мемлекеттік банк ұйымдастырылды.

Жапония Банкі 1882 жылы, Италияндық Ұлттық Банк (бүгінде Италия Банкі) 1893 жылы, ал АҚШ Федералдық Резервтік жүйесі 1913 жылы құрылды. Еуропада Орталық банк мәртебесін ең соңғы болып иеленген Испания Банкі 1782 жылы құрылған еді. 1962 жылы Испания Банк мемлекеттік банкке айналдырылды.

Ресей Федерациясының Орталық банкі қалыптастыру негізі XVIII ғасырдың ортасынан бастап 1860 жылға дейін қаланған болатын. Ол 1860 жылы Ресей Мемлекеттік банкі, 1872 жылы Мемлекеттік банк, 1917 жылы Халық Банкі, 1960 жылы Мемлекеттік банк, 1988 жыл осы Мемлекеттік банк, 1991 жылы Орталық банк болып қайта ұйымдастырылып, жаңадан құрылып отырған.

Қазіргі заманғы нарықтық экономикада банктердің бір-бірінен өзгеше екі типі орталық және коммерциялық банктер жұмыс істейді. Банктік (кредиттік) қатынастардың даму заңдылықтарын талдау осы банктердің әр бөлек даму кезеңінде туындағанын, екі деңгейлі банк жүйесінің әр деңгейінде орналасатынын көрсетті. Орталық банк – кәдімгі мекеме. Осыған байланысты оның негізгі функциялары реттеуші, бақылаушы және ақпараттық-зерттеу болып табылады. Сондықтан, орталық банк елдің эмиссиялық орталығының «банктердің банкінің», үкіметтің банкінің, елдің басты есеп айырысу орталығының және экономиканы реттеу органының міндеттерін орындайтын екі деңгейлі банк жүйесінің жоғарғы деңгейінде орын алған ақшалай-кредиттік мекеме деп айтсақ болады.

Кредит жүйесі нақты мемлекеттің ортақ мақсаттарға және міндеттерге сай іштей ұйымдастырылған, өзара байланысқан, біріктірілген кредиттік мекемелерінің жиынтығы. Ол жай банктермен қатар кредит жүйесін басқару функциясын орындайтын орталық банктер пайда болған кезде қалыптасады. Банктік істің ертерек даму сатысында орталық банктің коммерциялық банкпен салыстырғандағы басты айырмашы-

лығы оның банкнот эмиссиялау құқығы болып табылды.

Нарықтық экономиканы қалыптастыру процесіндегі Орталық банктің орны мен ролі мынандай: «АҚШ банк жүйесі ұйымдастыру мен басқаруды орталықсыздандыруымен ерекшеленеді. Ал Германияның банк жүйесі керісінше, орталықтандырылуымен көрініс табады. Ресейдің орталық банкі коммерциялық банктердің қалыптасуына және қызметтер көрсетуіне зор ықпалын тигізді. Басқа елдерде орталық банктердің қалыптасуы коммерциялық банктер жүйесінің дамуымен қатар жүргізілді. Орталық банк валюталық және қор операцияларын жүзеге асырады, макроэкономикалық көрсеткіштерге сүйене отырып ақша және кредит саясатын жүргізуге атсалысады, ақша массасының сапалы болуын сақтауға және қайта қаржыландыруды ұйымдастыруға жауапты болады. Орталық банк экономика және банктік іс саласындағы нақтылы мәселелерді жедел шешуге септігін тигізеді. Орталық банктің макроэкономикалық көрсеткіштерді, яғни инфляция темпін, ақша бағамы деңгейін, бюджеттің жай-күйін, ІЖӨ өсуін қалыптастыруға қатысуы заңнамалық негізде бекітілген және ол оның міндеті болып табылады.

Міне, нарықтық қатынастардың өркеніетті даму үрдісіндегі АҚШ-та да коммерциялық банктердің қызметіне тигізілетін мемлекеттік басқару құралдарының реттеуші-мәжбүрлеуші ықпалының да қатаң сипатта болатынына көз жеткіздік.

Осы АҚШ-тың банк жүйесі жөнінде кейбір авторлар: «доллар бағамының төмендеуі объективті стихиялық сипатқа ие болғандықтан, АҚШ өзінің күш-қуатын ішкі экономикалық процестерге әсер етіп жатқан доллар бағамының төмендеуін реттеуге бағыттап отыр» дейді [1, 90 б.].

Нарықтық жағдайда Орталық банк банктер мен клирингтік, факторингтік фирмалар желісін, оларға қажетті көлемде кредиттік және ұйымдастырушы көмекті көрсете отырып құруға тиіс. Орталық банктің қызметіне байланысты бірқатар проблемаларға мамандырылған банктерді ұйымдастыру, коммерциялық банктердің инвестиция саласындағы қызметін реттеу, кепілдендіруші қорларды құру, олардың кредиттік және қор операцияларын жүргізулері, сондай-ақ жаңа банктік технологияларды енгізу, оның ішінде кредиттерді «секьюритизациялау» жатады» деп тұжырымдап және орталық банк қызметінің банк жүйесін жандандыруға бағытталады деп қорытындылаймыз.

Осыған орай, Қазақстандағы банктік қызмет аясын реттеуге бағытталған заңнамалық актілердің жүзеге асу процесі өтпелі нарықтық кезеңдегі күрделі экономикалық реформалар мен ұзаққа созылатын мемлекеттік бағдарламалар ауқымында іске асырылуда. Сонымен қатар банктік қызмет аясын реттейтін заңнаманың тек осы саланы ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің қаржы, валюта, ақша-несие, жалпы экономиканың кез-келген саласын қамтитынын естен шығармаған жөн.

Бұл ретте, мемлекетіміздің бір валюталық саясатындағы қабылдайтын шаралары еліміздің экономикасының барлық секторларына әсер етеді. Мысалы, 2015 жылы қазан айындағы ұлттық валютамызды еркін айналымға жіберу туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің шешімі еліміздің экономикасының барлық секторларына өз әсерін тигізді.

Бүгінгі таңда нарықтық қатынастардың дамуына орай аса назар аударатын мәселелердің қатарына банктік қызмет саласын реттейтін заңдарды жетілдіру жатады. Конституцияның нормаларынан республикамызда құқықтың қайнар көзі ретінде халықаралық құқық нормаларының да қолданылатынын көреміз.

Қазақстан Республикасының Конституциясының нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, оған сәйкес заңдардың өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттық және өзге

де міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік құқықтық қаулыларының нормалары болып табылады [2].

Осы орайда Б.Н. Етекбаеваның: «банктік заңнаманы жетілдірудегі мән беретін ең бірінші бағыт – ол бірыңғай унификацияланған нормативтік-құқықтық актіні, былайша айтсақ Банктік Кодексті қабылдау қажет» [3, 36 б.] деген пікірін дұрыс деп есептейміз.

Жоғарыда аталған бірқатар заңнамалық актілерге қоса халықаралық нормаларға тоқталатын болсақ, олардың қатарына жататын бірқатар: «Аударма және жай вексельдердің бірыңғай заңы туралы» 1930 жылғы Женева Конвенциясын, «Чектердің бірыңғай заңы туралы» 1931 жылғы Женева Конвенциясын, «Халықаралық лизинг туралы» 1998 жылғы УНИДРУА Конвенциясын атап өтуге болады.

Сонымен, бүгінгі таңда осы банк жүйесіндегі реттеуді қажет ететін мәселелер қатарына: ұлттық капиталдың қатысуымен құрылған банктердің қызметін жоғарғы деңгейге көтеру, олардың санын сапаға қарай ауыстыру және шетелдік банктермен бәсекеге жауап беретіндей етіп қайта құру; олардың халықаралық бәсекеге бейімделген қызметін ұйымдастыру және мемлекет тарапынан осы шараларға өз көмегін тигізу; банк және төлем жүйесін Еуропалық банктік стандарт ережелеріне сәйкестендіру; үш деңгейлі несиелеу жүйесін құру және осы жүйені дамыту сияқты және т.б. өзекті мәселелерді жатқызуға болады.

Әдебиеттер

- 1 Питер С. Роуз Банковский менеджмент. Предоставление финансовых услуг: пер. с англ. – 2-ое изд. – М.: Дело, 1997. – 768 с.
- 2 Конституция Республики Казахстан. Научно-правовой комментарий / под ред. Г.С. Сапарғалиева. – Изд. 2-ое испр. и доп. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004. – 584 с.
- 3 Етекбаева Б.Н. Организационно-правовые основы банковской системы Республики Казахстан: Дис. канд. юрид. наук: 12.00.02. – Алматы, 2005. – 162 с.

References

- 1 Peter S. Rose Bank management. Providing financial services: Trans. from English. – 2nd ed. – M.: Delo, 1997. – 768 s.
- 2 Constitution of the Republic of Kazakhstan. Comment on the scientific and legal / ed. GS Sapargaliev. – Izd. 2-oe Corr. and the ball. Almaty: Seven of the Charter, 2004. – 584 s.
- 3 Etekbayeva of B.N. Organizational and legal basis of the banking system of the Republic of Kazakhstan: Dis. cand. jurid. Sciences: 12.00.02. – Almaty, 2005. – 162 s.